

Халықаралық ралли марафонын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 6 қыркүйек N 421-ө

1. Қазақстан Республикасы Автомотоспорт федерациясының, "Мастер ралли" халықаралық ұйымдастыру комитетінің 1996 жылдың қыркүйегінде Ақтөбе, Қызылорда, Жезқазған, Қарағанды, Павлодар облыстарының аумағы бойынша "Париж - Мәскеу - Улан-батор - Пекин" халықаралық ралли марафонын өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша өткізілетін ралли-марафонның шығыстарын "Мастер-ралли" халықаралық ұйымдастыру комитетінің қаржыландыратыны назарға алынсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасы Автомотоспорт федерациясымен бірлесіп, раллиге қатысатын автомобильдер мен оның ұйымдастырушыларының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ұйымдасқан түрде жүруін және Қазақстанның шекарасын кесіп өтуін қамтамасыз етсін.

4. Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиа компаниясы, Қазақэроавиациясы, Қазақстан Республикасының Кеден комитеті, Ақтөбе, Қызылорда, Жезқазған, Қарағанды, Павлодар облыстарының әкімдері "Мастер-ралли" халықаралық ұйымдастыру комитетіне осы шараларды өткізуге көмектессін.

5. "Қазақстан Теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы "Мастер-ралли" халықаралық ұйымдастыру комитетімен ралли-марафонның Қазақстан аумағындағы кезеңін жариялауды келіссін.

6. "Мастер-ралли" халықаралық ұйымдастыру комитеті "Париж - Мәскеу - Улан-Батор - Пекин" автораллиінің халықаралық автомобильдер федерациясының (ХАФ) тұрақты жарыс күнтізбесіне енгізілуіне байланысты автомарафон басталғанға дейін кемінде 6 ай бұрын Үкіметке ралли өткізудің келісілген жоспарын және Қазақстан Республикасының Автомотоспорт федерациясы мен халықаралық ұйымдастыру комитетінің арасындағы шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының Автомотоспорт федерациясының талап етуі бойынша техникалық және ұйымдастыру сипатындағы қажетті ақпаратты ұсынатын болсын.

Премьер-Министр

